



140002 Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 74/1 құрылысы
тел: 8(7182) 55-39-14, факс: 8(7182) 55-48-24
E-mail: kense.dzppav@dsm.gov.kz

140002 город Павлодар, улица Торайгырова, строение 74/1
тел: 8(7182) 55-39-14, факс: 8(7182) 55-48-24
E-mail: kense.dzppav@dsm.gov.kz

**Павлодар облысы аумағында шектеулі
карантиндік шаралар туралы
№19 ҚАУЛЫСЫ**

(өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы)

2021 жылғы «27» тамыз

Павлодар қ.

Мен, Павлодар облысы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Алиев Батырбек Төлеубекұлы, Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 38, 104-баптарының 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 тамыздағы «2021- 2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» № 36 Қаулысына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 тамыздағы «Ashyq» жобасын енгізу туралы» № 37 Қаулысына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2021 жылғы 06 тамыздағы «Павлодар облысы аумағында шектеулі карантиндік шаралар туралы» № 18 Қаулысына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:

«1) "Ashyq" жобасына қатысатын объектілердің қызметі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № 37 қаулысына сәйкес, ҚР БМСД № 67 Қаулысының талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады».

2) 2-тармақтың 15) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:

«15) ҚР БМСД № 36 Қаулысының талаптарын сақтай отырып, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметіне рұқсат берілсін»;

3) 2-тармақтың 45) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:

«45) ҚР БМСД № 36 Қаулысының талаптарын орындай отыра, арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат берілсін»;

4) 2-тармақтың 50) тармақшасы төмендегі редакцияда жазылсын:

«50) ҚР БМСДІ № 67 Қаулысының талаптарын сақтаған жағдайда (қарбалас сәтте автобустар санын көбейту, кондуктордың болуы, соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен оңдеу, барлық есіктерді ашу, отыратын орын саны бойынша толтыру, жолаушылардың қоғамдық көліктерге қорғаныс маскасыз кіруіне жол бермеу), көлік санын ұлғайта отырып, саяжай бағбандықтарына дейінгі маршруттарды қоспағанда, жексенбі күндері жұмысты тоқтата тұрумен қоғамдық көліктердің жұмысына рұқсат берілсін»;

5) 2-тармақ 54) тармақшамен толықтырылсын және төмендегі редакцияда жазылсын:

«54) ҚР БМСДІ № 36 Қаулысының талаптарын орындай отыра, 2021- 2022 оқу жылында барлық меншік нысанындағы және ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарында штаттық форматта оқытылсын».

2. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы Қаулы 2021 жылдың 28 тамызында сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.

Павлодар облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



Б. Алиев